


Бұхар Жырау ҚАЛҚАМАНЖҰЛЫ



КЕРЕКУ-БАЯН ӨНІРІ
АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ



Қазақстан Республикасы
Тұрғындарды 29 жылқымен
арнаған

БҰХАР ЖЫРАУ

ТАҢДАМАЛЫ

1

Павлодар, 2011

Павлодар облыстық
БҒА
Қ. Т. 1

550821



УДК 821.512.122
ББК 84 Қа-7
Б 90

Бас редактор
Арып Б.М.

Редакция әлсізсіз:

Аламанұлы А., Байышев С., Бижан Ж., Жүсіп Қ.П., Жүнісбеков Г.,
Қалыбеова Р.Ж., Қипи А., Құшбаев А.Ж. (құрастырушы, жауапты
редактор), Омаров М., Помыков Ю., Сирбалтаев Ж.

Бұхар Жырау

Б 90 Таңдамалы: Өлеңдер – Павлодар: ЭКО, 2011. – 64 б

ISBN 9965-08-524-2

Бұл кітапта Бұхар Жыраудың халқымыздың рухани байлығын теріс ашап көрсететін «Тілек», «Ай не болар жұннен соң», «Қазақтың ханы Абылай» т.б. бірқатар өлеңдері мен бөлекшелері және әл туралы аңыз-әңгімелері қамтылған. Кітапты халық қызметкерлеріне, консеранттарға, жоғары оқу орындары мен нестелі оқушыларынна, студенттерге, сондай-ақ жыраудың өмірі мен шығармашылығы жайлы мақалалар шығару бағетін жанымы көпшілікке ағуына арнаған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қа-7

ISBN 9965-08-524-2

© С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2011

Алғы сөз

Ұлттық құндылықтар мен адамзат құндылықтарын салыстыру арқылы ғасырлар бойы несі-өніудің өнегесі ориенттелген рухани байлығымыздың қойнауына бойлай қарап, терісшеу, тиын мәдiрiнен нәр алу; сипатына қанығу қай ұрпақтың болсын азаматтық парызы болып саналды. Сонда ғана өткенiмiз – бүгiнгiнiң, бүгiнгiмiз – болашақтың мұрасы болып мәңгiлiкке жалғаса бередi. Рухани мұрамыздың аңыз қаусары туган Ел мен Жердiң қасиетiн терең талғана сезiнуден туатындығына көз жеткiнгенде айшықты көрiнедi.

«Бүгiнгiнiң Керекi өнiрi ақын-жазушыларының антологиясы» атты 35 томдық М. Көпеевтың, Ж. Аймұлығұловтың, С. Дәңентевтың, И. Байзақовтың, Қ. Бекхасеновтың, З. Шаңқалинның, Р. Төктеревтың, Қ. Ыдырысовтың, О. Сүлейменовтың, Б. Қанапияевтың, А. Шәмкеновтың, М. Жаманбаллиновтың, Қ. Жүсіповтың, Н. Шәкеновтың, В. Илановтың, П. Васильевтың, Қ. Смағұлдың, М. Асығалинның, А. Қишын, Е. Сәбитұлының және т.б. әдеби шығармаларында ел тарихы мен тағдыры, тәуелсiздiк, елдiк сөтiм, iсбiлiк, бiгiлiк, ұлттық мiнет бен тұрақтылық, қоғамдық даму барысындағы азаматтық, лирикалық, толғаулары сiңiлдi.

Аталған 35 томдық елiмiздiң даму барысында ұрпақтың ұрпаққа мәдениет күдiретiмен мiзмұндалған замандар тынысынан, ел тарихы мен этнографиясынан, жеке тұлғаның дүниетанымдық ерекшелiгiнен мағлұмат алуға күштеп қалып өкiрмiн құшағы аршады. Ұсынылып отырған пайыздардағы ақын-жазушылардың бұл шығармалары қазiкетандық патриотизмiнiң көңiлiн қайып, шарықтап, ежелгi ұлттық дәстүрлi елдiк, азаматтық ұғымдардың заманауи өнiршiлiк өркениеттi мәдениетпен сәйкесiлiгiн айшықтауға толық мүмкiндiк беретiндiгiне сенiмдiмiз.

Бас редакциядан

ӨЛЕҢДЕР

ТІЛЕК

Бірінші тілек тіленіз,
 Бір Аллаға жазбасқа.
 Екінші тілек тілеңіз,
 Ер шұғыл шасық алымның
 Тіліне еріп азбасқа.
 Үшінші тілек тіленіз,
 Үшкілеіз көйлек кимеске,
 Төртінші тілек тілеңіз,
 Төрде төсек тартып жатпасқа.
 Бесінші тілек тіленіз,
 Бес уақытта бес намаз
 Біреуі қаза қалмасқа.
 Алтыншы тілек тіленіз,
 Алпыс бағаты ақ орда,
 Ардақтаған аяулың,
 Күнінде біреуге
 Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
 Жетінші тілек тіленіз,
 Желкілдеген ту келіп,
 Жер қайнасқан қол келіп,
 Соған сәсіп тұрмасқа.
 Сегізінші тілек тіленіз,
 Сегіз қиыр шар тарап,
 Жер тұданып тұрмасқа.

Қара құлам жүйрік деп,
 Құланы жақтай берменіз,
 Жебе тисе мерт болар,
 Мерт болған соң ет болар,
 Жаңғызға зорлық қылмаңыз,
 Жағасынан алмаңыз
 Өзіңіздей жақсы сындарға,
 Анау деген ат болар,
 Қара құла арыса,
 Майы қалың бесті артық,
 Баласы жоқ қатыннан
 Лақтаған ешкі артық,
 Жаңғыз туған жігіттен
 Бесіктегі бала артық.

Ай не болар күннен соң
 Күн не болар айдан соң,
 Құлшырын тұрған бәйшешек
 Қурай болар солған соң,
 Хандар киген камка тон
 Шүберек болар тозған соң,
 Еңсесі биік кең сарай
 Морттық болар бүлген соң,
 Төрде отырған қарт бабаң
 Төресін жаңылар малдан соң,
 Төркіндеген бикешін
 Тіркеусіз о да қайтар малдан соң,
 Дөңгалақ арба жүре алмас,
 Қос арысы сынған соң,

Жігіт жақсы бола алмас,
 Алғаны жаман болған соң,
 Қос, қос орда, қос орда,
 Қосыла қонбас малдың соң,
 Қоспақ өркеш сары атан,
 Қом жасамас майдың соң,
 Төсі аршынды сұлуың,
 Сілкіп төсек салмас малдың соң,
 Байдың ұла көрпендес,
 Шубалаңқы тәртады,
 Айдап жүрген малдың соң,
 Үлдемен басмын ораған,
 Семсермен шаптың тараған,
 Қиғанғап қасым қараған,
 Күлгенде күржек тісі қаскыйған,
 Қыпай да белін буынған,
 Ол не бопар ерден соң.

Асқарлы атан еселі
 Ел жайлауға көшкен жұрт,
 Ақтың жолын күзетпей,
 Жаманшықты тұтқан жұрт,
 Мамыр несип бай болып,
 Байсал тауып жортықпн жұрт,
 Ханға тізгін салмады,
 Хан жортығын алмады,
 Бағыдай баршындап,
 Бірауызды болмады,
 Қас тұрпайы болған жұрт.

Ай, заман-ай, заман-ай,
 Түсті мынау тұман-ай,
 Істің бәрі күмән-ай.
 Баспақтанз жиылып,
 Фана болған заман-ай.
 Күл-күтандар жиылып,
 Құла болған заман-ай.
 Арғымағын жоғалтып,
 Тай жүгірткен заман-ай.

азаматың күлшпты,

Жұрт талық болған заман-ай.
 Арғымақтың жалы жоқ –
 Жабылар жалыменен теңелер,
 Жақсылардың малы жоқ –
 Жамандар малыменен теңелер.
 Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
 Алланың аманат қойған жаны
 Қай күн алды болжалсыз!

Ежелгі дос жау болмас,
 Шірнеуіште хаты бар
 Ежелгі дұшпан ел болмас,
 Көңілінде кіраң таты бар.
 Ежелгі дос жау болмас,
 Айтысқан оның серті бар.
 Ежелгі дұшпан ел болмас,
 Көңілінде тұтқыр кірі бар.

Рудынан оғы калса табылар,
Жалгыздың тартатұғын жағғы килсе
табылмас,

Әкелі баш жау жүрек,
Әкесіз бала сүм жүрек,
Жиын болса бара алмас,
Барғанменен орып ала алмас.
Екі көзі жаудырап,
Тұшымшағы салбырап,
Күнінде онын не болғанын білмеймін,
Шайшағанымы күмин-ды.
Әкелі бала жау жүрек,
Жиын болса баралы,
Барса орын алалы,
Бітірер сенің дауыңды,
Қайтарар сені жауыңды,
Күнінде тастан өтер жөбесі.

Өтермеден кетер ме,
Жардымын деп байғұстар,
Байдың малын күтер ме,
Тайып кетсе табанын,
Шашыңды берсе жетер ме,
Алтын да ісі бітер ме,
Көптің де ісі жетер ме,
Көп ішінде бәр жапғын,
Сөйлеп те сөзі өтер ме!

Бұқарекен – бiм келдiк,
 Ақан, төбет байларға,
 Бестi берсең семiз бер,
 Жалдай Бұхар жайларға.
 Бермеймiн деп атама,
 Асауыңды митама;
 Шылбырыңнан берiк тартсам,
 Шамыржапып, шамданғым,
 Шалқасынан жата ма?
 Алпыстағы Бұқардың
 Сiлесi құрып ката ма,
 Құлдарың мен күндерiң
 Мерекеге бата ма?!
 Келiп едiм өзiңе,
 Түнеугi айтқан сөзiңе,
 Тiптi разы болмаймын
 Керегенiп басыңда
 Екi қары бөзiңе!
 Бермей калсаң осы жол,
 Жолықпаймын деп сiлдема,
 Жортуылшы ердiң кезiңе!

Көшер едiм, көш бастап,
 Көшкенiңде кiтаптап,
 Қатар-қатар нар тiркеп,
 Қалы кiлем жаптырып,
 Қайрақ калса, тастатпай,
 Ашып келдi талтырып,
 Қыздарыңа қызыл ала-топ кигiзiп.

Қыркышаға салдырып,
 Кінше жорға мінелі,
 Жүріп-сауып жол үстіне салдырып,
 Бәйбішелер күледі кінн алданда,
 Жалғыз, жалғыз бастырып,
 Көшінін айдынына састырып,
 Жолаушыны тоқтатып,
 Сары атанды бастартып,
 Шұбар көсем сары ат,
 Құйып берді мыс қытып,
 Жолаушыны айта, қарға қақыратып,
 Жолаушы айта борар,
 Ташкенбазарың тор екен,
 Дәулеті оның шу екен,
 Су тілесе бал беріп,
 Сыртты екен бәйбіше,
 Қалдығы жұртына,
 Өрнекті екен бәйбіше,
 Зәуре менен Батпадай
 Елпетті екен бәйбіше.

Бағаналы орда, басты орда
 Байсал орда қонған жұрт,
 Қара түлкі қармалжық
 Қас саяһы келген жұрт,
 Ақтары апан аспанға,
 Ел жайлауға шыққан жұрт,
 Хақтың жолын күзетпей,
 Жемандықты ұққан жұрт,
 Бас, алғың бай болып,

Бәсеке дәурен сүрген жұрт,
 Бай төбетіп маққылдап,
 Байсал тауып-үрген жұрт,
 Туырлығың қара кіс,
 Тура-тура болған жұрт,
 Түтінге салса сасыған,
 Шоралар сауықпен іше тауыспаған,
 Ағар булық сүтті жұрт,
 Коп жылдарға бек сақтап,
 Есен де есен болғын құтты жұрт,
 Бағиғалы орда, басты орда,
 Байсал орда қонғын жұрт,
 Мамырасып, ел болып,
 Байсінды жайлау табылды,
 Қолдай қамқа төсеніп,
 Көрікті ханым түскен жұрт,
 Ханым берген қамса топ,
 Жырау киіп кеткен жұрт,
 Інқарлар алшандан,
 Ас пен тойға келген жұрт,
 Көріп туған көкше тал,
 Төре астында ат болған жұрт,
 Көліскелі ... сай,
 Көпке қоныс берген жұрт,
 Көбен байлар семіріп,
 Көк би-наһан болған жұрт,
 Көрпелдестер би болып,
 Көпке қонса айтқан жұрт.

Жер басына қонбаңыз,
 Дауыл соқса үй кетер,
 Жатқа тізгін бермеңіз,
 Жалшменен бас көтер.
 Жаманмен жолдас болмаңыз,
 Көрінгенге күлкі етер,
 Жаксымен жолдас болсаңыз,
 Айрылмасқа серт етер.
 Ит жүгіртп, күе салсаң,
 Киген товын түпкі етер,
 Сыпайы сырын білдірмес,
 Ақырын ғана бұлк етер.

Көкте бұлт соғлесе,
 Көктеп болмас, не пайда;
 Көкіректен жан шыкса,
 Қайтып келмес, не пайда;
 Дип пұсырман болмаса,
 Тіл пұсырман не пайда;
 Қыда қышқ болмаса,
 Күр шарайдан не пайда;
 Ерге дәудет бітпесе,
 Шүлдіреген қыпал тілден не пайда;
 Мал араға түспесе,
 Күр айтқаннан не пайда;
 Байдан қайыр кеткен сон,
 Малда кетер, не пайда.

Ашастан кызыл көрмөсө,
 Манат емей немене;
 Көтөрүлүп үшкөн соң,
 Канат емей немене;
 Бүкі жакей бас касса,
 Санат емей немене;
 Камшылаттып жутүргөн,
 Шабан емей немене;
 Айткан сөзгө туспетен,
 Жамап емей немене;
 Сураганда берметен,
 Саран емей немене,
 Кісі акысын көп жеген,
 Арам емей немене;
 Иштегі сыр Аллага малим,
 Сырттаңдагы кулыгын,
 Амал емей немене;
 Сусаганда берген су,
 Шекер емей немене;
 Төммөтсүз ерге биткен мал,
 Бөкөр емей немене.

Бийик тауга жарасар
 Ыгынан тиген панасы,
 Терең сайга жарасар
 Тобылталы еиласы,
 Ер жігітке жарасар
 Қолына алган найзасы,
 Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы,
 Ақсақалға жарасар
 Тілеу қорлық айласы,
 Байбiшеге жарасар
 Емiздiктiтeн сибасы,
 Келiншекке жарасар
 Емшестегi баласы,
 Қыз он беске келгенде
 Шашынан көп жаласы.
 Бұл жатқанға бiр жаман
 Ағайынның аласы.

Қорғанды шаһар қаласын
 Қазақ бiлмес, сарт бiлер
 Тес айыңды ботқанын,
 Несi бiлмес, ит бiлер.
 Ер жiгiттiң қадiрiн
 Ағайын бiлмес, жат бiлер.
 Қойға қошқар күт болса,
 Қозы күрттан өлмейдi.
 Қой бiтерде қотаншы ит
 Бөриге қой бермейдi.
 Ауылда адам бар болса,
 Ауыл ишi болмайды.
 Ел несi күт болса,
 Халқы ишi болмайды.
 Үлгiсiз сөз болмайды,
 Мақтасыз бөт болмайды
 Сөз ұғарлық ер болса.
 Айтпымас ишiн сөз болмайды.

Алтындай асыл сөзүңдү
 Көзіңе жетип багалап,
 Тындайгың ер кез болмайды.

Ай, айтамын, айтамын,
 Мінген атым айтамын,
 Ойнай баскан аяктым,
 От орнындай түяктым,
 Кигаш камыс күзактым,
 Саптаяктай еріндім,
 Сарымезхтай азулым,
 Сауридсын кере жараган,
 Көкілүн кылдай тараган,
 Тостаган көздү торыны,
 Топ таркамай мін-сана,
 Еліңнүн камын жо-сана,
 Есіліп кенес айт-сана,
 Айта да айта кетсең журтына,
 Муздаар да муздаар кетсең муртына,
 Беш келмеді кыр тұта,
 Кең Абылай, кең нем,
 Шубарагаш, күба жон,
 Мехен еткен шөлде, нем
 Телі менен тентегін
 Иіліп алдына, келді, нем!

Жал, күйрығы қаба деп,
 Жабыдан айғыр салмаңыз!
 Қалың малы арзып деп,
 Жаман қатын алмаңыз!
 Жабыдін айғыр салсаңыз,
 Жабуга мінер ат тумас.
 Жаман қатын алсаңыз,
 Топқа кірер ұл тумас.
 Жаман қатын алтаның –
 Төркініне бере алмай,
 Төсегіне жата алмай,
 Тен құрбысы келгенде,
 Оңды жауап қата алмай,
 Жалғанда қор болғаның,
 Таудан аққан тас бұлақ,
 Тасыз құяр теңізге,
 Қанша малы көп болса,
 Бай қушар егізге.
 Жаманнан жақсы туса,
 Жақсыдан жаман туса,
 Тиртпай қоймас негізге.

Жиырма деген жасыңыз
 Ағып жатқан бұлақтай.
 Отыз деген жасыңыз
 Жарға ойнаған лақтай.
 Қырық деген жасыңыз
 Ертен қойған құр аттай.
 Елу деген жасыңыз

О да бір көшкен ел екен,
 Алпыс деген жасыңыт
 Қайғышы-мұңлы жұт екен,
 Сексен деген жасыңыт
 Қараңғы тұман түп екен,
 Тоқсан деген жасыңда
 Аялдан басқа жоқ екен.

Ал, тілімді алмасаң,
 Ай, Абылай, Абылай,
 Сені мен көргенде
 Тұрымтайдай ұл едің,
 Түркістанда жүр едің,
 Әбілмәмбет патшаға
 Қыметкер болып тұр едің,
 Қалтақтап жүріп күнелтіп,
 Үйсін Төле билердің
 Түйесін баққан күл едің,
 Сен жиырма жасқа жеткен соң,
 Алтын тұғыр үстінде
 Ақ сұңқар күстий түледің,
 Дәулет құсы қонды басына,
 Қыдыр келді қасына,
 Бак үйіне түледің,
 Алыстан тоят тіледің,
 Қылыңшыңды тасқа білелің,
 Алмаған жауып, қоймалың,
 Алған сайын тоймадың,
 Несібенді жағған тіледің,
 Уа, сен Қанжығалы Бөгембай,

Тақымы кешес ұры едің,
Түй қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрып шайзақты
Қай жерде жауға тіредің?
Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің,
Атаның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің
Қай жерінде төрс едің?
Қарсы менен Құмарша
Жалаң аяқ жар кешіп,
Без тоқыған сарт едің.
Шешенді және сұрасаң,
Қайда алтыңның бум едің?
Она да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен қара күң еді,
Жұлдызың туды-ау оныңнан
Жан біткен ерлі соңынан,
Он сан алаш баласын,
Ауына құдай қаратып,
Жусатып тағы өргізіп,
Жүмсап бір тұрсын қолыңнан,
Ақтап болды-ау күніңіз,
Арсы менен күрсіңіз
Дау-таласты үніңіз.
Өлің болған күніңде
Бір көшке сыймайды
Азаткерде құлыңыз.
Ашуланба, Абдалай,

Ашулансаң, Абылай,
 Көтерермін, көнермін,
 Көтеріп қазға салармын
 Өкпенменен қабынба,
 Өтіңменен жарылма,
 Орыспенен соғысың,
 Басына мұнша көтерген
 Жұрттыңа жаулық сағынба.
 Күшінде меңдей жырлайтын
 Төксең үште қарға
 Енді де саған табылмас.

Абылай ханның қасында
 Бұқарекен жырлайды.
 Жырлағанда не дейді,
 Соғыса деп жырлайды.
 Бұқарекен деген кәріңіз,
 Соғыссаң көтер сәніңіз,
 Бізден бұрын өтіңгі,
 Әзіреті әліңіз.
 Жаулық жолың сүйеміз,
 Мынау жалған сұм дүние,
 Өтпей қалмас деменіз.
 Пұсырмай болсаң кетіңіз,
 Сырдарияның суынан,
 Көлденен кесіп өтіңіз.
 Үш жыл малды су тақсақтап,
 Жиделі-Байсын жетіңіз.

Кісісі жүзге келмей өлмеген,
 Қойлары екі қабат қоспаған,
 Қызыл-бала ханы үшін,
 Солай таман жетініз.
 Менің жасым тоқсан үш,
 Мұндай былай сөйлеуім
 Маған да болар ауыр күш.
 Оңтүтғын тай үшін,
 Қашатүтғын сая үшін
 Қыпшаңдар жанжал-ерекес.
 Бұл қыдықты қоймасаң,
 Құдайдың бергеніне тоймасаң,
 Көресің сонан тегерің.

Кіші қара қалмақ бұлерде,
 Бозыларың билігі
 Бұлт бұрқан болысты,
 Уңғидан жылысты,
 Буыршындай тіздесті,
 Жамандықты іздесті,
 Бірі-бірі күңдесті.
 Жаулаған ханын қара оңбас,
 Ханы қисайса бәрі оңбас,
 Ханын қалмақ жаулаған,
 Сүйткен қалмақ оңбаған.
 Сол қалмақтың жұрты елі-ау,
 Үш Қарқара, Көхтобе
 Ит те ұшып қалмаған.

Жакып жерден пил жесе
 Жердін сәнін кетіреді,
 Ағайынның аразы
 Елдің сәнін кетіреді,
 Абысынның аразы
 Ауыл сәнін кетіреді.
 Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
 Бұл үйректей болыңыз,
 Судан суға шүйтүмен
 Көзден көлге қолыңыз.
 Байлары ұтты шоралар
 Бас қосыпты десін де,
 Маң-маң басып жүріңіз,
 Байсалды үйге түсіңіз.
 Айнала алмай ат өлсін,
 Айыра алмай жат өлсін,
 Жат бойынан түңірсін,
 Бәріңіз бір енедеп туғандай болыңыз.

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда
 Өшейін-ақ ұл едің,
 Он бес жасқа келгенде,
 Арқалда Әбилмамбет төренің
 Түйесін баққан құл едің,
 Абылай атын жоқ еді,
 Сабалақ итпен жүр едің.
 Оны да көрген жерім бар,
 Жаныс Қарабайдың қолында
 Түнде туған ұл едің.

Жырма беске келгенде,
 Бақыт бергі басыңа,
 Тақат бергі астыңа,
 Отыз жасқа келгенде,
 Дүниеге кең едің,
 Отыз беске келгенде,
 Кара судың бетінде
 Шайқалып аққан сең едің,
 Қырық жасқа келгенде,
 Алтын төннің жепі едің,
 Қырық беске келгенде,
 Жақсы-жаман демелің,
 Елу жасқа келгенде,
 Үш жүздің баласының
 Алтынның басын бір кезеңге тіредің,
 Елу бес жасқа келгенде,
 Әрбір ітке қонарсың,
 Жұмсаған бала тіл алмай,
 Қатыптың қарсы шауып ұлмай,
 Әр нешік күнің сол бар,
 Еңкейіп орақ ораға,
 Тонқайып масақ терерге,
 Жетпіс жасқа келгенде,
 Жетпіс деген жел екен,
 Шала ауырып пір екен,
 Жетпіс бес жасқа келгенде,
 Жылуы болмай қойныңның,
 Қаруы болмай сойдыңның,
 Оңмесен де жойылдың,
 Әр іткеккі қойылдың,
 Сексен деген сол екен

Шындап ұрған пері екен,
 Сексен бес жасқа келгенде,
 Екі қара көзді алар,
 Ауылдағы сөзді алар,
 Бұтындағы белді алар,
 Бетіндегі нұрды алар,
 Бойындағы шырды алар,
 Аузындағы тісті алар,
 Қолындағы істі алар,
 Өлмегенде не қалар?!
 Токезіп бес деген тор екен,
 Дәйім жапың қор екен,
 Қарғиың десен екі жағы ор екен;
 Найза бойы жар екен,
 Түсіп кетсең түбіне,
 Түбі жоқ терең көл екен,
 Ел қонбайтын шөл екен,
 Келмейтұғын неме екен.

Салыр қайда барасың,
 Сарысуды көбелеп?
 Сен қансаң да мен қойман,
 Арғымағым жебелеп.
 Енді алдыңнан шығайың
 Қар, жаңбырдай себелеп.
 Ақмырзамды өлтіршің,
 Ақ сойылмен төбелеп.
 Уа, сен шынмай кетіп барамысың?
 Мен Арғын деген арыстан,
 Аузы кере қарыстан.

Сен бұзау терісі шоштіксің,
 Мен өгіз терісі талыспын.
 Абылай алдында сен бітсең,
 Құдандалы тамыспын,
 Абылай алдында бітпесең,
 Атасың білмес атыспын.
 Көшің кетер бір жаққа,
 Малың кетер бір жаққа,
 Көш соңынан жете алмай,
 Есің шығар сол шикта.
 Жар басына қамалып,
 Жарты лашық тігерсің,
 Аулаппаң ас кетер,
 Қара козден жас кетер,
 Бұ қылығың қоймасаң,
 Сонау кеудедегі дұлығалы бис кетер!

Атам болған жиырма бес,
 Қызықты күндер юздырған,
 Асау талқан бұздырған.
 Қызы ауылды көргенде
 Бұландатқан жиырма бес,
 Тоскейден қашқан түлекпей
 Сыландатқан жиырма бес,
 Күлдір-күлдір кісінетін,
 Күренді мінген жиырма бес,
 Күрес тісін қасқайтып,
 Сұлуды күшқан жиырма бес,
 Ідесең де табылмас!
 Көрілік шіркін не қылмас!
 Апта бойынды бас шмай,

Келін бала келгенде,
 Аузыңды аша алмай,
 Уақыттың ісі қиын-ды,
 Уақытымыз жеткен соң,
 Айттып-айтпай немене,
 Мезгіліміз өткен соң?
 Жайнап тұрған қызың шок,
 Су құйылып өшкен соң,
 Жайнап жүрген заманың
 Басымнан бүйтіп көшкен соң,
 Уақытымыз жоқ, не айтайын,
 Уақытым менің өткен соң,
 Мезгіліміз жеткен соң,
 Қатты тамақ шайнарга
 Мен пақарша тіе бар ма?
 Арыстандай ақырған –
 Бәденедей күш бар ма?

Алла деген ар болмас,
 Ақтың жолы тар болмас,
 Тар пейілді кеңімес,
 Кең пейілді кемімес,
 Берем деген қутылмас,
 Берік байланған шешілмес,
 Қазуды жолдар кемілмес,
 Қартайсын қарт бабаңды сыйтай бер,
 Күндердің күні болғанда
 Кімдер де кімнің дейсің бәлі бүгілмес.



Құбылып тұрған байыпешем
 Құрай болар сәлғанда,
 Ақнық бүркіт төмендер
 Екі ханат талғанда,
 Сөге көрме Абылай,
 Мен пақырла сәл бар ма,
 Уақытым мұндай болғанды!

Уақытым кетті басымнан,
 Хан Абылай отырып,
 Жайып шықтың жасыңнан,
 Милмен ісің болғанда,
 Уақытыңың толғанда,
 Қарашың қашар қасыңнан.

Ханның жақсы болмасы –
 Қарашының елдігі,
 Қарашы халық сыйласа,
 Алтынан болар бөлігі,
 Жақсы жігіт ұл туса,
 Патшадан болмас кемлігі,
 Айтсам сөзім таусылмас,
 Тоқтағайын сөзімді.

Қалданменен ұрысып,
 Жеті күндей сүрісіп,
 Сондағы жолдас адамдар:
 Кара керей Кабанбай,
 Қанжығалы Бөгембай,
 Шақшақұлы Жәнібек,
 Сіргелі кара Тілеуке,
 Қарақалпақ Құлашбек,
 Тігеле шыққап Бетарбек,
 Шапырашты Наурызбай,
 Құламенді Жібекбай қасында,
 Бак дәулеті басында
 Секербай мен Шүйкебай,
 Тансық жожа, Мамыт бар,
 Қасқарауұлы Молдабай,
 Қатардан жақсы қалдырмай,
 Айнақұл Бәти ішінде:
 Өңкей батыр жиылып,
 Абылай салды жарлықты,
 Қалдан ханды қашырып,
 Шеп салған жерін бұздырып,
 Ұрысты қатты қыздырып,
 Қасым ханның шешесін
 Хан Абылай алған-ды.
 Жәбірдеген қалмаққа
 Тырнағын қатты батырды,
 Бұзылып қалмақ кеткен соң,
 Өңкей батыр жиып деп
 Хан Абылай шақырды,
 Бір төбеге жиылды.

Күм төбелер үйілі,
 Боліске олжа түссін деп
 Хан Абылай бұйырды...
 Басына біткен күніңіз,
 Құтты бөлесін ұлыңыз,
 Хан Абылай атаңның
 Дүниеден шықпай мінніңіз.
 Алтын тақтың үстінде
 Үш жүздің басын құрадың,
 Жетім менен жесірге
 Ешбір жаман қылмадың,
 Өлімдімен жүрдіңіз,
 Әдепті еке кірдіңіз.
 Армаңың бар ма, хан нем,
 Мәртебелі төбеге,
 Жауыңды алып, жайладың,
 Жеті күн кіріп ұрысқа
 Өлімге басын байладың,
 Айтар сөзім осы дүр,
 Ақылың бар хан едің,
 Мұның түбін ойлағын,

Он екі айда жаз келер,
 Күе алдында хаз келер,
 Аяғын айтпай немесе
 Заманыңды аз келер
 Сол заманың келгенде,
 Аты-байың қол берген
 Қожаларды қас көрер,
 Ноғайларды тағым деп,

Әушелей көресін,
 Ноғайлардың бейлары болар сазандай,
 Сәлдесі болар қазандай,
 Ахиретке барғанда
 Ақсүйекті қор тұтқан,
 Қараны енан зор тұтқан,
 Ноғайларды пір тұтқан,
 Тартарсын сонда жазанды-ай.

Қазақтың ханы Абылай!
 Ақынқты аспанға
 Ұшпастай ғзын төрлады,
 Құлағанға ұқсайды
 Қазақтың қамал қорғаны,
 Қайғырманың, ханзадам,
 Айтпасыма болмады,
 Батыр өтті Бөгембай!

Қиядан қиқу төгілсе,
 Аттын басын тартпаған,
 Қисапсыз қол көрінсе
 Қорқып жаудан қайтпаған,
 Қазақ деген халқынан
 Батыр шыққан даңқынан,
 Қарсыласқан асылдар
 Қорғасындай балқыған,
 Батырың өтті Бөгембай!

Бұтақты мүйіз бұғысы
 Саласында жайылған,

Мылтық атқан мергені
 Кнiгiн көбiлай қайыртан,
 Күшiнi күлiмдiй тулаған,
 Түдкiсi iттей шулаған,
 Қыс қыстайтын жерiндi
 Сол сықылды тау қыптан,
 Батырын өттi Бөгембай!

Асу салған, тас бұзып
 Тарбағатай белiнен,
 Қол қондырған қос тiгiн
 Борзы деген көлiнен,
 Қалмақты шапқан шулағып
 Ақшәулiнiң өрiнен,
 Қоныс қылған Найманға
 Бәрiн қуып жерiнен,
 Батырдың өттi Бөгембай!

Қара жерей Қабанбай,
 Қанжығашы Бөгембай,
 Қаз дауысты Қазыбек,
 Шақшақұлы Жәнібек,
 Ормандай қаш Орта жүз,
 Сондай шаққан төрт тірек,
 Тұғыр болған сол елі
 Сіңдей төре сұңқарға,
 Бәйгелі жезде бiк болған
 Сiңдей жүйрiк тұлпарға,
 Қайғырмаңыз, ханышым,
 Қолмей тұр аузым айтарға,
 Батырын өттi Бөгембай!

Еңбек қылған ел үшін,
 Жауда кеткен кек үшін,
 Қалақтың абырой-арына
 Сарын қалған бар күшін,
 Қайыры болсын қапқына,
 Сабыр қыл, ойлап келмесін,
 Қариян келін жарлап тұр,
 Еңбегі сіңген ер үшін,
 Батырын өтті Бөгембай!

Бірі етек, бірі жең болған,
 Ежелден саған ел болған,
 Орта жүзден кісін жоқ,
 Найзасының ұшы алтын,
 Кіші жүзден кісін жоқ —
 Енді бұған қарап тұрғаншап
 Басқа қылар ісін жоқ.

Ай, Абылай, Абышай,
 Қатын алма қарадан,
 Қара тумас сарадан,
 Қатып аласаң қарадан,
 Алды кетпес баладан,
 Арты кетпес жаладан,
 Қатын алма төреден,
 Еркегі болар жау жанды,
 Ұрғашысы ер жанды,
 Төре бере ұл туса,
 Аузы кетпес парадан.

Мал жинасаң қойдан жи,
 Майы кетпес шарадан,
 Ит жинасаң сырттан жи,
 Қойды бермес қоридан,
 Аталыдан би қойсаң,
 Аласнае жыл мен жобадаң,
 Атасыздан би қойсаң,
 Босанбас ауыз парадан,
 Ағар дария су кешпес,
 Қалмақты аласаң майы бір зайып,
 Сүйегіңді жоғалтпас,
 Отының болсын жылтөктің,
 Қатының болсын қалмақтың,
 Қосының болсын қазақтың,
 Сегіз қиыр шар тарап
 Төрт құбыланды түгел қып,
 Төрінде жатып елмақтан.

Арту-арту бел келсе,
 Алаң тартып бүгін,
 Алыстан қара көрінсе,
 Арғымақ шабар тігін,
 Алыстан жылжал сөз келсе,
 Азулы сөйлер жүгін.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
 Бұрылып ұшар жаз күні,
 Боз мойынды сұр үйрек,
 Көлге қонар жаз күні.

Көк ала ат жаратып,
 Көп дабылды байлатып,
 Байлар ұтлы шоралар
 Көз жағалар жаз күні,
 Байлар қызы бикештер
 Қол бұлғайды-ау жаз күні,
 Қымызсыз жиын-той болса,
 Қызығы жоқ-ты жаз күні,
 Қызыл турам ет болса,
 Қызғаншып болар аз күні,
 Мал бергенің болмаса
 Пайдасы жоқ-ты аз күні.

Қара арғымақ арыса,
 Қарға адым жер мұн болар,
 Есіл көзден нұр таяса,
 Бір көруге зар болар,
 Бапнақты сайға су түссе,
 Атың арып келгенде,
 Өткел бермес кешерге,
 Хайырсыз итке мал бітсе,
 Аяққа құрып келгенде,
 Саумал бермес ішерге,
 Жаман болса алғашып,
 Һәммәтлі туған есіл ер,
 Киім пішсе ол қатын,
 Жағасы кетер көнтің,
 Етегі кетер салшып,
 Үлгі болмас пішерге.



Айтар болсаң Алланы айт,
Тақертең азан шақырған,
Дауысы сұлу молданы айт,
Өзі жынысының ішінде
Тауық жүнді таз тырна
Тақыршақ жерге қонбас па,
Таралып жүні қалмас па,
Ақ сұнкар құстың баласы,
Ұяда алтау тумас па,
Ұяда алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі ақ алғыр болмас па!
Алғырының белгісі
Ұштан жемді імес пе,
Бірге туған ұялас
Бірге сауға демес пе;
Өзі аштан өлсе де,
Айырып жемін бермес пе.
Сөйтіп жүрген кезінде
Алғырынан айрылса,
Қанат түшкен қайрылса,
Құс заманы жапалақ
Оған да қор болмас па,
Адамзаттың баласы,
Атадан алтау тумас па,
Атадан алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па.
Арыстанының барында
Жергасы болса мінісіп,
Торқасы болса кнісіп,
Толғамалы қамшы алып,

Толтай да толтай дәурен сүрмес пе,
 Сүйтп жүрген кезінде
 Арыстаннан айрылса,
 Қанаты түштеп қайрылса,
 Ел шетіне жау келсе,
 Өтіп оны ала алмай,
 Алдына келген жақсының
 Қадірін оның біле алмай,
 Қадір-құрмет қыла алмай,
 Артында қалған жамандар
 Бас-басына тозбас па!

Шашырап шыққан қандар көп,
 Шашау жатқан малдар көп,
 Қайсыбірін атайын,
 Айта берсем сөздер көп,
 Үй артында төбешік
 Ерттеп қойған ит болар,
 Қариясы кімнің бар болса,
 Жазулы тұрған хат болар,
 Өзіннен туған жас бала
 Саудагердей сарт болар,
 Өзімен бірге туысқан
 Алаштан бетер жат болар,
 Сиынған пірің сарт болар,
 Бір құдайға шет болар.

Жарқ-жарқ еткен жайда бар,
 Жарау семіз байда бар,
 Құйрығы бітеу қойда бар,

Қос қалыңы тимеген
 Қалыңы бітеу қула бар
 Ат тұяғы тимеген
 Ақ кірпіш суда бар.
 Әзрейіл келген күн,
 Жан қашар жер қайда бар!?

Асқар таудың өлгені —
 Басын мұнар шылғаны,
 Көктегі бұлттың өлгені —
 Аса алмай тауда қалғаны.
 Ай мен күннің өлгені —
 Еңкейіп барып батқаны.
 Айдың шалқар өлгені —
 Қар астында қалғаны.
 Өлмегенде не өлмейді?
 Жақсының аты өлмейді,
 Өлімнің хаты өлмейді.

Айналасын жер тұтқан,
 Айды батпас деменіз.
 Айнала інсе таусылмас,
 Қол суалмас деменіз.
 Күрсағы құшақ байлардан
 Дәулет таймас деменіз.
 Жартыны жарты деменіз,
 Жарты байға тең келіп,
 Жайлауға жарыса көшпес деменіз.
 Жалғызды жалғыз деменіз.

Жалғыз көңке тежеліп,
 Бір жапанда соғысып,
 Кегін алмас деменіз.
 Құландар ойнар кұ тақыр
 Құрай бітпес деменіз
 Құрай бітпес құба жоп
 Құлын жортпас деменіз.
 Құрсағы жуан боз бие
 Құлын салмас деменіз.
 Құлық туған құлаша
 Құрсақтанбас деменіз.
 Қу таяқ келдейге
 Дәулет бітпес деменіз.

Ақсаннан биік тау болмас,
 Бауырынан қапқан күзен көрінбес,
 Ашсам батпай түн шықпас,
 Ажал жетпей жан шықпас,
 Етекті кессен жеп болмас,
 Ежелгі дұшпан ел болмас,
 Қара койдан терісін,
 Сабындан жусаң ағармас,
 Қалған көңіл табылмас,
 Қарапша торғай қаз болмас,
 Шағала келмей жаз болмас,
 Шаңқан болмай боз болмас,
 Іштен қыпыр туғанды,
 Тезге салсаң түзелмес,
 Озіннен тумай ұл болмас,
 Сатып алмай құл болмас.

Түсініктемесі

Күм жиылып тас болмас,
 Күл жиылып бас болмас.
 Екі жақсы кас болмас,
 Екі жамап дос болмас.
 Дос болғанмен хош болмас,
 Екі жақсы дос болмас.
 Дос болса түбі бос болмас.

Күшпен саиды күрескі,
 Төбөңгә жаратқан,
 Қырық сая қара халмақты,
 Жаршығын жаратқан.
 Албылтысын алтынменен булатқан,
 Ашафасын арттырып,
 Аршалап атты қуытқан.
 Лабианы деген бір елді,
 Алтынменен улантқан,
 Ереші мен Серенді
 Тоғымдатып шулатқан,
 Перістесін жұрт үетінен дулатқан.
 Ессесі биік боз орда,
 Саятанатқа орнатқан,
 Бөлағтан шөгө соқтырып
 Шаңарығын торлатқан.
 Үшбу жерден бекдерін
 Жасыл көлге мәслихатқа келтірін,
 (Замзам суын) мыс тываққа толтырған.
 Қызығын қалайыдан қастырып,
 Токлағын сом алтыннан соқтырып,
 Нақыра күміш шаштырып.

Балғары сына піштіріп,
 Шыны аяқпен іштірген.
 Орындығын оймыштап
 Ою нақыш салдырған,
 Сандығын сары алтынға малдырған,
 Көшсе қыркыя орта алмас,
 Қырық мың атан тарта алмас.
 Қызыпаяқ мал жиып
 Қалижасын алдырған,
 Алғын, шығып арқалап
 Бетіне белер камқа салдырған.
 Туыршығын қара кіе,
 Төлуы бір түңлігін
 Ұшығыдан ұстатқан.
 Байтағың байып мал беріп,
 Байрақты жерге қыстатқан.
 Ғаділдігін Наушаруан
 Ғаділге жеткерген,
 Жомарттығын Хатымтай
 Жомарттан өткерген,
 Күнде меһман күзетіп,
 Кесекілеп ет берген,
 Имандының ісіне қарап бет берген,
 Бір Құдайдың дидарын
 Сен көрмесең кім көрер,
 Табаңдасқан дұшманға
 Күнінде қалың шауып өткерген.

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Асшанда жұлдыз аралап,
Ай нұрыш ұстап мінесе де –
Қызыққа тоймас адамзат!

Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырылдап,
Қисынсыз күйге түссе де –
Өмірге тоймас адамзат!

Жақылдап ажал тұрса да,
Жанына қылып ұрса да,
Қалқырап кеңді қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да –
Үмітін қоймас адамзат!

БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ БОЛЖАМДАРЫ

Заманақыр болғанда,
 Қара темір ағ болады,
 Оқылғанның хат болады,
 Туысқанның жат болады,
 «Ғадилет» деген заң шығып,
 Табаның тайса сот болады,
 Қонысың Сарыарканы орыс алар,
 Шұбырып қара топырақ өріс алар,
 Ақшаңып ірісі кетіп, ұсағы қалар,
 Терінің былғарысы кетіп,
 Сірісі қалар,
 Адамнан еммат, ықлас, ұят кетіп,
 Ақыры «бер, бер» деген сөзі қалар,
 Мұнан соң Абылайым,
 Қилы-килы заман болар,
 Заман азып, таң тозып, жаман болар,
 Қарағайдың басына шорған шығып,
 Базалардың заманы тәмам болар,
 Ол күнде қарындастаң қайырым кетер,
 Қатынынан күшін,
 Балаңнан мейірім кетер,
 Ұлы-қызың орысқа бодан болып,
 Қайран елім, есіл жұртым
 Сонда не егер?!
 Абыдаймысың алқатқан,
 Отының болсын жантақтан,
 Қатының болсын қалмақтан,
 Қосының болсын қазақтан!
 Сегіз кныр шартырап,

Төрт күблән түгәл беш,
 Төрində отыр, салмақтн.
 Он екі айда жаз келер,
 Көктемде жаз келер,
 Айтшы-айтпай не керек,
 Дәурениң аз болар,
 Соңдай заман келгенде,
 Шағырағың күл болар,
 Еліне қауін төнгенде,
 Ата ұрпағың күл болар.

Караларың кәс болар,
 Қаскөйлерің бас болар,
 Орыстар келер галым боң,
 Өүнедей көрінер,
 Баштары болар сизандай,
 Кітабы болар қазандай.

Ақыретке барғанда,
 Ақсүбекті көр тұтқан,
 Қараны одан зор тұтқан,
 Орыстарды бір тұтқан,
 Сорлы болған қазығым,
 Тартарсың солардан жазанды-ай!

Күнбатыстан бір дүшпан,
 Ақыр да шығар сол тұстан,
 Өзі сары, көзі көк,
 Діндәрінің аты — поп,
 Күншығысқа карайды,
 Шапын ылғи тарайды.

Құлайды білер діні жоқ,
 Жаманлыққа міні жоқ,
 Өзі сынды бір көпір,
 Аузы-басы жуи көпір,
 Жаяулап келер жұртыңа,
 Жағалы шекпен кінгізіп,
 Балшы май жағар мұртына,
 Жемірлерге жем беріп,
 Ел қамын айтқан жақсыны
 Сөйлетпей ұрар ұртына
 Бауыздамай ішер қапынды,
 Өткірмей алар жаныңды,
 Қағазға жазар малыңды,
 Есепке салар барыңды,
 Еліңді алар қолыңнан,
 Әскер қылар ұлыңнан,
 Бұл айтқаным, Абылай,
 Болмай қоймас артыңнан,
 Тексізді төрге шығарып,
 Істетер сұмдық ұйғарып,
 Естісең, міне, болжамды,
 Бұқар жырау кәртаның.

Қашық ауданының тұрғыны
 Ықылас Сәрсенбаев ақсақаланы аузынан жазып алған
Серік Жақсыбаев

БҰХАР ЖЫРАУ

Орта жүз арғындағы төртуыл Қаржас Алтынторыдан шыққан Қалсаман батырдың баласы Бұхар жырау атанған қарик тоқсан үш жасында Абылай ханның алдында жыр толғағи. Оз заманындағы жандар бұл ісін көмекші әулие деседеі екен. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекші бүлкілдей жырлай бастайды екен. Сол Бұхарекең Абылай ханға айтқан екен: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім. Еңсегей бойлы Ер Есім ханға да жолшыс болдым. Сен оның түсініне де жарамайсың» – деп. Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса, Бұхарекеңді алдырып, жұлдызын оң ба деп, Айдын, Күнің сөтін сұрайды екен. Сәде көріп беріңіз дейді екен. Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып пәлсе жаққа қарай шабынды десе, сөз айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Жоқ, сарыбура келгеннен туыңның түбінде шөгіп, мойның жерге жабыстырып, жатып алды десе, аттанбайды екен.

Жаяғыз бұтақты терек еткен күлзім, тамшылап аққан бұлақты теңіз еткен құдайым, – деген Асанқайғы былайына толғапты:

*Мұнан соң қисы-қилы заман болар,
Заман азып, таң тозып жаман болар,
Қарағайдың басына шартан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар,
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Хашан күш, қарағайдан шайыр
кетер*

*Ұлың, қилың арысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жұртым сонда*

нетер?

Абылай хан бір мерекеле ат үстінде тұрып, осы сөздің шешуін Бұхарекеннен сұраған екен. «Асан қайғының қиыңылы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дегені не таптық, суды жүрген шортан таута біткен қарағайдың басына қайдан барып шығалы. Мита қонбайтуғын сөз гой,» – деп. Сонда Бұхарекен қырын қарап тұрып, ағының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып көзіне жақ алып: «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасаң керек еді!» – деп жыр толғапты.

*Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады.
Қайғылы мұндай хабарды,
Сұрамасаң кетеді?
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тыңдасаң,
Қарағай судан қашып,
Шалға біткен бір дарақ,
Шортан суға шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ,
Ойлама шортан ұшпас – деп,
Қарағайға шықпас – деп!*

Абылай хан жастығына басын қойғанда Бұхар айтқан екен:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құздытырған, ханым-ай,*

Үш жүзден үш кісіні құрбан қолдсам,
Сонда да қалар ма екен қайран жаным-ай! –

дегенде Абылай хан:

– Тоқта, тоқта, бұлай десең, мен діннен шығамын, сен жалғанышы боласың. Жиырма жасымда таққа міндім, қырық сегіз жыл қазаққа хан болып тұрдым. Неше жыл өмір сүріп, шене жасағанымнан не пайла, қазіқтың арқасын тамға, аузын нәнге сүйегенім жоқ, бір. Ақбоз аттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығының оғын құралайдың көзінен өткізетұғын мергеншің құнын екі ердің құнына дегенгенім жоқ, ұста мен етікшінің құнылықатын құнымен бәр бас қылып, жарты күн дегізіп кесім кестіргенім жоқ, мұнымен үш. Осы үш армай бойымда кетті – деген екен.

Ұлы жұма күні қайтыс болып, сүйегін теңге салып, Хазіретті Сұлтанға алып келіп, ақ күмбездің ішіне, бір балмешіне қойып, тасын үстіне орнатыпты.

Абылай ханның өлгенін естігенде, қалаңаяқ әздер үш күн, үш түн жылаған екен. “Тақсыр, мұнша неге жылайсыз?” – дегенде: “Есің Абылай бағғыдан бері жүріп-жүріп Сарыарқала өлмей, сарттың қорғанында өлді. Енді хандық сартта қалды, қазақтан бақ кетті, құт қашты” – деген екен.

Абылай ханның өлімі Арқаға естілді. Ордаға қатын-қалаш, Бала-шағаға есіртпелі. “Өлгеніне қуанып, сүйінші сұраған кісідей болармыз. Өліктің қыркы деген бір мал собылатын күн той. Сол қыркында есірт” деп, қыркын бергізейік деп, бар қызақ ішінен – сұлтан деген кісілер, міне, бүгін табан қырық күн болды естігенімізге деп, ордасына есіртпін, қыркын бергізген екен. Артынан қолдарынан көмген, жанында бірге жүрген жолдастары келген соң, білісті, бұлар мұнда өлгеніне қырық күн болды деп, қыркын бергізген күні өлген екен. Сарыарқаға өлместен қырық күн бұрын естілген екен. Біздің естуімізше, Абылай тарихы осы.

БҰҚАР ЖЫРАУ

(Бұқар жайындағы мағлұматтар)

Қазақтың XVIII-XIX ғасырларда тіршілік еткен Бұқар сияқты көп ақындарының өмірбаяны бізге толық мәлім емес. Ол кездерден қалған жазба белгі жоқ. Ауызша айтылған там-тұм сөздер болса, оның кейбір қатары бұл күндерге жетпей жоғалып, өшіп қалған және ауыздағы шала-шалшы әңгімеге қарап өмірбаянын тізу тегі мүмкін емес. Онда, адам жайында желілі тұтас сөз болмайды. Ел ішінде қалған, аңыз болған, киіп-пузына ілінген бірер-саран сөз, мінез, істер ғана айтылатын болады. Қазақта жазба белгі сақталудан бұрын шыққан тарихи адамдардың бәрінің жайындағы сөздер осы күйде ғана қалады. Пәлен хан, пәлен би, пәлен ділмәр-пәлен – дейлік ортаның, заманының тұрғысы болды деп кейінгіге үлгі тәрізін көрсететін сол адамдарды шығарған үстем тап болады. Соның кейінгі орынбасары болған таптар, қоғамдар сол сөздері ескінің мұра, жарасы кып сақтап, сөз кезегіне құрал етеді. Хан мев биін көпшілікке жарықтық дегізіп қойып, сол бұрынғыларынан қалаған пікір және артқылы-кейінгі қаналушы қауымның ой-сөзімін тұсап отырады.

Сондай өз дәуіріндегі біртұтас салт-сананың жыршысы болған адамның бірі – Бұқар жырау. Бірақ оның өмірі туралы тұтасқан мағлұмат жоқ делік. Сол себепті, оның кім болғаны туралы берілетін мағлұматта болады. Осындай хал Абайға шейін болған, бірқатар ақын Абай артынан шыққан, тағы бірнеше ақын туралы да еріксіз болады. Түк айтпай кетудің орнына, кейінгі уақытта толықталар деген үмітпен бір сөзге бір сөз жамау-демеу болар деген сеніммен, осы адамдар туралы өзіміз естіген азын-

аулақ мағлұматтарды олардан қалған әдебиет үлгілерін тексеруден бұрын, қысқаша күйде айта отырамыз.

Осымен Бұқарға көшсек, бұл: XVIII ғасырға тіршілік еткен ақын болады. Сол ғасырдың соңғы жартысында, Орта жүзге хан болған Абылайдың жырауы деп аталады. Абылай 1772 жылы өлген. Бұқараның бұл ханнан кейін қанша жыл өмір сүргені мәлім емес. Бірақ Абылай ауырғын, өлім үстінде жатқанда Бұқараның:

*Қайырусыз жылағы бақтырған
ханым-ай,*

*Қалыңсыз қатын қуштырған
ханым-ай,*

*Үш жүздің баласынан үш кісі
пінсеп*

Қазар да ма екен жаның-ай –

деген сөзі бұның Абылайдың бертін кеп өлгендігін көрсетеді.

Бірақ Абылайдың жасы үлкен болу керек, онысы:

Абылай, сені мен көргенде,

Тұрметтайдай ұл едің,

Түркістанда жүр едің,

Үйсің Тала бидің

Түйесті жайған құл едің –

деген сияқты сөзінен байқалады. Және бұдан басқа біреп-саран жерде де, омырау қыла сөйлегенде жасы үлкендігін сүйеу қылатын сияқты. Оған үлкен ірек болса, Бұқар XVIII ғасырдың аяқ кезінде туған болу керек.

Бұл жырау деп аталады. Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атауының, жырының бөлек, өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі, шығармасы – «топтау». Жыраудың мақсаты, міндеті – «не болса соң көңіл ишар», «әлдене» дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болғандықтан, тарихи уақыттың

мазмұн бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады. Олжа, табыс, абыройды ханмен қатар үлеседі.

Өзі хан қасына жуан рудың Арғынның мекен «ти-
бан шөңгел биі» болуға лайық. Ол кез «ханның қазық, биден
тоқпақ» деген сияқты, «қолағашты мықты болса, киі» қазық
жерге кіреді» дегендей, хан мен ру басы билік әмір дәрежесіне
тең немесе артық жүрген күйді білдіреді.

Бұл жағынан қарағанда Бұхар, Орта жүз ханы Абылай
болса, соның орталық елі, жуан бел руы - Арғын ішпен шыққан
аңыз үстем тап аламы болады. Мезгілі орыс патшалығына
қарамай бөлек хандық құрып, жеке әмір жүргіземіз деген
талаштың мезгілі болады. Бұхар сонда үлкен, қырағы саясаттың
толғаушысы боп, әрбір сөзін ірі-ірі уақиғалардың, ірі мәселенің
тұсында ғана айтады.

Сол сөздерді жыраудың таптың қоғамдық мазмұнын
көрсетіп, дәуірінің тарихи сырын ашады.

Осы жайларын шығармалары арқылы түсіну үшін енді
сол толғауларына көшеміз.

БҰҚАР СӨЗДЕРІ

Бұқар айтты деген толғаулар бншалық көп емес. Кезінде көп болса да, бізге жеткені алтау-жетеу ғана. Солардың ішіндегі көрнектілері: «Керей, қайда барасын?», «Асанқайғы шешуі», «Айналасын жер жұртқын», «Ақсаннан биік тау болмас», «Ей, Абылай, Абылай», «Абылай орыспен соғысам дегенде айтқан толғау» сияқтылар.

Бұл толғаулардың әрқайсысы Абылай мен Бұқар сияқты билер билігінің әрбір ірі кесек уақыттарымен байланысады. Сонда Бұқар сөзі құр жыр, құр шешен сөз ғана болмайды. Ол не өкімшілік атықан, өкімет атынан айтылған билік («Керейге айтқаны»); не өкіметтің саяси бет мақсатын болжаған программ сөзі (Асанқайғы сөзінен туған толғау) немесе хан мен қараның арасы, билер арасы ажырасуға айналған кезде айтылған ашу, қайрат, қара күш сөзі. (Ей, Абылай, Абылай). Тағы бір сөзі «Патшамен соғысамыз ба, жоқ па?» деген дүдәлдің үстінде билердің, кеңесшілердің бетін көрсететін, тарихи толғаудан туған толғау болады.

Мінеки толғаудың айтылған кезі мен шешетін түйінді сөзі, мәселесінің өзіне қарағанда да Бұқардың қандай тап жыршысы екені аң-айқын көрінеді. Ол хан атынан билік айтады. Хан жүретін саяси соқпақ, бағыт не екенін белгілейді. Ірі саяси мәселе үстінде, хан байлауы қолайына жақпай бұрын дегенінен теріс жағына бастаса, ажар салмағына қарамай сол ханның өзіне де қарсы келіп, төс табандан тұрып басқа ұрады. Күлін көкке ұшыртандай қылады.

Ханға биліктің тізгінін берсе де, сол биліктің шылбырынан әлі өз қолдарынан шығармаған билер, ру басқалар, сол уақыттың әмірші, үстем табы осы Бұқарлар болады. Сондықтан бұрын сөзі шешен түрде, күйлі тілмен айтылған байлау, үкім,

программ болады. Әр сөзі әрбір тарихи уақытпен байланысты. Сондай қысталанның ғана үстінде туалы.

Бұл тарихи жырларынан тақырып жағында оқшауырақ тұратын сөзі «Айналасын жер тұтқан» деген толғау ғана. Оның хан мен билге айтылмаса, бағындырып жүрген қарашы мен кейінгі өсетін жас буынға айтқан өсиет, үгіт сөз. Өсиеті: әмірші, басшы билік, ақсақал-кәрі ру басының айтқан өсиеті. Соның салт-санасынан, таптық мақсатынан туып, өзгенің өб-сезімін тұсаймын, билеймін деген өсиет болады.

Бұхар сияқты үлкен ру басы билік сол XVIII-ғасырда ой, сезімін билеген, кернеген арман күдік пе, таптық тілек, талап не? Ол кез қазақ әлкесінің, Ресей патшалығына бағынуы бүгін болмаса, ертең болатын іс сияктанып жүрген кез. Бұрынғы ру-ру боп кешірген тіршілікте билеуші, қанаушы тап сол Бұқарлар болатын. Олар енді өлкені орыс алса, сол үстемдік қалымыздан айрыламыз деп қорқады. Бұндайлардың бір алуаны Кіші жүздегі сияқты сол патшаға бағынып шен, шекпен алып жатса, Бұқар сияқты бір алуаны Орта жүзде әлі де болса жеке, емін-еркін әкімшілік мүмкін болар деген талашпен жүргенді. Олар сол себепті орыс әкімшілігіне бағынуға қарсы. Ал қарсынықты, күр ру-ру боп кешірген күйде, ұзақ өріске апара алмайсып, сондықтан ортадан хан шығарып, соған көпшілікті бағындырып, әкімшілік басында ханмен қатар қарауыл тұрғыны өздері алып, өздері отыру керек.

Осы айтылған сөздердің барлығы Бұқардың жуан би феодалдың жоғарғы толғауларда сөз қылған тақырыптары өлкені ашады. Сол тақырыптарды шешкенде, қандай таптың тұрғысынан қарап шешкендігін көрсетеді.

Сол жоғарғы, билеуші таптың тілегін-талабын бұқтемей көрсетіп ұстаған ақын екенін Бұқардың жалғыз тақырыбы мен сөз мазмұны емес, тоңпауларының түрі, теңеулері, сырт қалыптары да байқатады.

Бұқар Асінқайғы сөзін шешкен толғауда:
*Ханға жауап бермесек,
 Хантың көрді қайтады,
 Қайтара жауап сөйлесем,
 Халқым не деп айтады?* –

деп, хан мен халықтың арасындағы дәнекер сияқты боп, кішірейе сөйлегендей болады. Бірақ бұл елге, сыртқы арналған саясат сияқты әдіс. Сол өленнің өзінің-ақ ішінде:

*Күндердің күні Абылай
 Есе тимес өзіңе,
 Есіктегі құлаңнан.* –

деп, хан билігіне қарсы боларлық бұқараны жауна нұсқайды. Немесе:

*Аталыдан би қойсаң,
 Ақистас жол мен жобадан,
 Атасыңдан би қойсаң,
 Босанбас аулы нарадан.* –

деп, әмір иесі аталылар болсын дейді де, оларды өзге топтан екішеп шығарады.

Көптеп өзінің әмірші тобын жырып алып сыбаға, жүлдені соңікі ғана қып қоймақ. Сондықтан билік, өсиет сөздерді айтқанда тұтас көптің бәріне арнап айтпайды. Қайта көптің басынан асып, әмірші басшыға ұғарлық ділмар күйге, сыр мінез бастасына ғана арнап айтады. Мысалы, Керейге айтқан дауы: Арғын атынан айтқан омырау жуандық бола тұрса да, сол сөздің ішінде көпшілікке жұмбақ қып, билерге тұспал билік айтып, бітімін де ұсынып кетеді.

*Абылай алдында сен бітсең,
 Құдандылы таныстың,
 Абылай алдында бітпесең,
 Атасың білмес алыстың.* –

дегені, қыз беріп хұда болып бітім тап дегені боп шығады.

Неше гүрлі коба жоңдатқан, бір-бірімен байланысы жоқ аламыш суреттерді термелен, қат-қаптап

*Ақмырзамон алтіретің,
Ақ сайылымек тибелетің,
Емді артыңнан шығайың,
Жауған күндей себелет. —*

деп бір кетіп, немесе:

*Сен бұзау терісі шөпшікестің
Мен өгіз терісі талыстың, —
деп алып арасыңа;
Абылай алдында сен бітсең
Құрандалы таныстың, —*

деген биілік-бітімді қыстыра кетеді. Бұны Арғыннан Керейдің көбі бұғынып талқыға салмасын. Бірі іреп, бірі соғмасын. Ол байламалы, тас-түйін билік боп қалсын, дейді.

Ол үшін көпті ұғынбай «не деді?», «не десті?» деп аңырап қалғаны мақұл.

Көпке ана сөз, мына сөздің жотасын қыптылдатып көп-көп керексіз салыстыруларды айтып, әдейі шаң қаптырып аластырып отырады.

Өсиет сөздерінде де ұғынсын дегені көп бұқара емес. Оларға қайта ұғымсыз болғысы келелі. Онда да әр төбедең шаң беріп:

*Қулық туған қулаша
Қурақтанбас демеңіз,
Қуландар ойнар қу тақыр
Қолшік болмас демеңіз, —*

деп көп, түйінді сөзін бірен-саран жерге ғана көмбе-көмбе қып екшен-екшен тастап:

*Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң.*

Күбемалып тұрған бейшешек,

Қурай болар солған соң,

Хандар киген қамқа тәп,

Шүберек болар толған соң,

Еңсесі бүйк кең сархай,

Кемтік болар бөлген соң,

Байдың бос белбеуі

Шүбалаңқы тартады,

Айдан жүрген майдан соң, —

деп көкестені, күдіренткені не екенін тұсналдан өтеді.

Міне, осы сөзге келтірілген мысалдан барлығы Бұқар толғауының түрі болса, соңысы түгелімен жоғарыда айтылған таптық мазмұнымен үйлесіп, ақын шығармаларының қоғамдық-тарихи мағынасы не екенін ашады.

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи әңгімелер

Абылай хан жолғарларға қарсы бір жорықта алтын барлау үшін, мың аламды екіге бөліп, бір тобын Қарабұжыр Қанжығалы Жанатайға, енісіні сол рудан шыққан ақсақал Бөгенбайға бастатып, ілгері жіберіпті. Екеуі де ханның ержүрек, сенімді батырлары екен. Батырлар ұзақ уақыт бойы оралда қоймаған соң, Абылай ұйымдап өзінің көріпкел жырауы Бұқардан: «Менің жігіттеріме не болды екен, оралмауына не себеп?» – деп сұрапты. Сонда Бұқар айтыпты: «Жанатай Талқы арқылы баралы, ал Бөгенбай Құлжан батыр ескілі қыштан жол тауып отеді. Ал енді Хан-Баба болса, көп ұлмай қайтып келер. Талқының асуы қысыңқы әрі қауіпті» – депті. Абылай ішінен Жанатайдың зор қауіпке душар болғанын сезді. Жырау сөзін жалғастырып: «Жанатай бұзып-жарып өтіп, ұлысын оңжалайды. Жанатай әкелген аққұба қызы Абылай сұлтан шады» – дейді. Абылайдың айтуынша, сол жолғы ботқалдың орыңдалуына соң, төбесі көкке жеткендей қуанышы бөлессе керек...

Абылай хан бірде халықты жинап, ұнамсыз ісі үшін ұлы жүздің биі Ерден батырдың ауылын шауып алуға жарлық беріпті... Ханның қаһарға мінген сондай, бұл жолы оның қасына ешкім де маңайлай алмаса керек. Сондай жиналған халықтың сұрауымен Бұқар жырау ханға келіп бұлайша жыр толғаған екен: «Әй, Абылай, Абылай! Сенің даңқын Арсы мен Күреіге жетіп, таумен таласты. Босатқан құлдардың бес қақшаға сый-

майлы. Алашудан асыңғы, ашуыңызды басымыз, сонда алашапшыты Ерден құлағызды мал-мүлкі сексен еңдик болып алдыңызға келмей ме?» — деген екен.

Абылай хан

Абылай хан соңғы соғыстарынан бірінде көп қолмен Қалба тауына келгенде, елдің етекке түскен шағы екен. Торғауыттың Тарбағатайдан солтүстігі — Үржар, Еміл бойында отырғанынан хабар алынды. Қай шеттен тиіп, қай жақтан шабу керек деп игі жақсылармен кеңес құрғанда, әскер басқарып Қабанбай мен Бөгенбай екеуі екі түрлі пікір айтты. Бөгенбай: «Тарбағатайды асып барып, Үржар, Еміл бойындағы қимақты шабамыз. Ласты-Шорғашты торғауыт елдің шеті, біз жақ беті болғандықтан, итм дайын, аламы сәй, серге отырған ел. Біздің аттанғанымызды біліп, етекке ерте түсіп отырған ел. Торғауытты шабамыз деп әскерді шығыштанамыз, жағдайдан ұттырамыз, алыстығы ел бейғам болды. Аңдаусызда барып бәссақ қарсыласуға мүршасы келмей қалды, ожалы болып қайтамыз» — дейді. Қабанбай: «Олай емес, жақын жердегі Ласты-Шорғаша барамыз, ондағы елді аламыз. Алысқа аттансақ, ат ариды, азық таусылады, әскер шаршайды. Егер торғауыт аттанған імізді біліп қалса, ілгері елге хабар беріп, өздері артымыздан тосады, ортадан қалып шығындаламыз» — дейді.

Абылай хан екі батырғанын қайсысының пікірін жақтауды біле алмай, «мұның төресің сен айт» — деп Бұқар жырауға имдашты. Бұқар жырау Қабанбайдың ұсынысын қуаттап, мына тақпақты айтып жырлатты:

*Сен Абылай, Абылай,
Түркістаннан келген ұл едің,
Оған бері келген сен,
Ұлы жүздің Төленін*

Түйесін жайған құл едің,
 Дәулет қанды басыңа,
 Қыдыр кезді қасыңа,
 Бақ үйіне түнедің,
 Алтын тұғырға қонып,
 Ақ сұңқардай түзедің,
 Алыстан тояп тіледің.
 Сен Қанжығалы Бөгенбай,
 Тақымның келпес ұры едің,
 Түн қатып және жүр едің,
 Қабанбайдан бұрын найзаңды,
 Қашан сен жасаға тіредің?!—

деп, Қабанбайдың пікірін қуаттапты. Сонымен, Ласты-Шорғаданы торғауытты шауын, бірталай шығын болса да олжалы қайтыпты.

Тақшақтағы «тіредің» деген шыншылдан деген ұғымда. Бұқардың бұл сөзі: «Қабанбай сенен тәжірибелі, көпті көрген» — деген мазмұнда. Бөгенбайдың пікірі де ақылға үйлесімді болғанмен, Бұқар жырау Қабанбайдың ойына қосылды.

Абылай хан заманында

Қаржас Қалқаман батырдан баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні «көмекей әулие» дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп сөйлейді де отырады екен. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлауменен шығады екен. Сол Бұқарекен Абылай ханға айтқан екен: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, кеше Еңсегей бойлы Ер Есім ханға да жолдас болдым. Сен оның түстігіне де жарамайсың» — деп.

Абылай хан бір жаққа аттанарда Бұқарекенді алдырып, айдың, күннің, сәтіп сұрайды екен. Сонда Бұқарекен: «Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып пәлен жаққа қарай

шабынды» – дейді екен. Сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаның алып келсе» екен. Егер Сары бура келіп туышың түбінде шөгіп, мойнын садып жатып алды» – десе, аттанбайды екен.

Ол заманда Сарыарқада орыс деген жұрттан шашан жоқ екен. Абылай ханға сәлемдеме беріп: «Өңіңе қараған жұртты білге жау қылма» – деп сыдылап тұрады екен. Олай-бұлай жүрген саудагерлері Абылайға тарту-таразғы беріп, ешкім тимеске хат алып кетелі екен. Абылай заманында болған шайырлар айтады екен:

*Абылайдың атасы Әбілфәйіз,
Хан баласы төсенбес еткө күіз,
Аузы түкті орыстан алым алып,
Абылайға шықты ма екі мүйіз? –*

деген екен. Алматы, Аягөз саудагер жіберемін, соған жол берсін деп сұратқанда: «Имамқұстан шығып, Ертіс жағалап Семейге шейін баратұғын қара жолды Абылайдың сонымен жүрсін» деген бұйрығымен қара жол болған екен. Сол үшін Ертістің бергі жағындағы қолденең жолды «Абылай жолы» дейді. Жәрменкелік жер сұрағанда Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Қарауыл Дәулеткелді байдың қыстауы екен. Соған соң Дәулеткелді бай: «орысқа жерімді берді» деп өкпеленіп ауып кетті. Соның тұқымына Ташкентте жолығып сөйлестік. Котенші деген Қоңыраттың ішінде өсіп-өніп кеткен екен.

Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі» деген сонда салынған үй екен. Ауыз түкті кәуірлі айтқанына көнгізіп, айлауына жүргізіп тұрған күшінде үш жүздің баласынан кемегер биперді жинап ақыл сұрады: «Сары жаудың бәрі жау» деп еді. Қуықтай басы бүріскен, ешкідей көті шүрішкен, көрер көзге еш-осал болса да, қулығы көз жеткізгісіз, терең көрінеді. Сарыарқаға қызығып күндердің күні болғанда қызыл қарын, жас балаға күн көрсетпес. Аллһ ұранды қазықты жығып алып, «кыл құйрық»

дәп аттанып кырып тастасақ қайтсіді?» – деп. Сонда Бұхар жырау толғау айтты. Абылайды рабағаш қайтарыпты.

Абылай ханның түсі

Орыспен жауласпады, ел болды, шүршітпен жауласпады, ел болды, екеуіне де тіл болды. Енді Үртістің, Бұхара, Қоқан, Ташкент жағындағы қанжыт сартқа билетіп қоймайша деп, үш жүздің баласына жер шажырттып, қосын жинап аттанып, Түркістанға барып түсіп, оған өзінің бел баласы Сыдық сұлтанды отырғызады. Рүстем сұлтан, Сыдық сұлтан, Шеген сұлтан, Әубәкір сұлтан, Әділді сұлтан – бұл бәсеуі сарт қызы қатынаған туған балалары.

Шымкент, Сайрам барып, оған Әбдірахман деген сартты не қылды. Оған Жылақ үстіне барып, бір қоныраттың байы қонақ қылып, сол түні оның бір келіні ер ұл туып, ол баланың атын Абылай қойған. Ол Абылай да өсіп-өніп бір тайпа ел болған (жер ауып жүрген бір Қайып деген ұрпағына сөйлестік). Оған аттанып барып, Самарқанды қамап түеті. Сол түні қасындағы қариясы Бұхар жырауға:

– Бүгін сәуе көріп бер – депті.

– Мен де қарап жатпап, ханымң той, өзің де болжай жатқайсың! – депті. Ертең таң атқан соң, қария ханшана көрісуге келгенде:

– Не көрдің? – депті.

– Дәуіме көрмегенсің маған не көрдің дегенше, өзің көргенінді айт – депті. Сонда хан айттыпты.

– Түсімде бір жолбарыс келіп, штырымның алдында шөгіп, мойнын салып, жатып алды. Бұ не қылғаны деп қарап едім, әлгі жолбарыс дегенім жо болды. Жап-жаңа жолбарыс еді ғой, жо болғаны несі деп қарап едім, ит-күс болды. Одан кейін түлкі болды, онан кейін қарсақ па, қоян ба, әлде немене болды. Оянып кеттім, көргенім осы – депті.

– Олай болса, шатырынның алдына келіп шөккен жолбарыс – өзінің бақ-талайың, сен өзің жолбарыс едің. Оны шөгіп, басын көтере алмай жатып алғаны – жетіп жығылған жерінің осы болғаны. Енді бақ-талайың көтермейді. Баяғыдан бері жүріп-жүріп есіл Абылай сарттан өліпті дегізбей осы жерден аман-есенінде қайта той!

Енді қарасаң шо болғаны өзіннен соңғы заман жоша алысып өтетұғын заман болады. Онан ит-құс болғаны, ит-құсша шулысып өтетұғын заман болады. Онан түлкі болғаны түлкіше бұлаңдап жүріп күнелетін заман болады. Онан қоян болғаны қоянша қорғалап жан сақтайтын заман болады. Мен көрген-білгенімді айтамын: күннің көзі, жердің жүзіндегі әулиелер «Абылай өледі, соның жазасына Түркістанға бара жатырмыз» деп жындай жылып, күмдік құйылып жүр. Қайтқанын басқа жабдық жоқ – деді.

Абылай хан Самарқанға елші жіберді: «Ұрысым соғысым жоқ, әулиелерің зират қыла келдім. Басты-басты ақсақалдары қонаққа келсін» деп, қояншап хәлмен қорқып, жебедей жерге кіріп кететұғын сарт сорлы жаман қорқып тұр екен... Қатын-қыздарын, тауық пен бөденелерін тауларға бастырып жіберген екен. Бірін-бірі сыйласып, қонақ болысып Абылай хан сонда бір көк қасқа сойдырып, басына қойдыратын тас қаздырамы дейді. Абылайдың басына шыққан тасты Самарқан жұрты: «Бұл баатыр Өмір Темірден сон, ешкімге шақпаған тас» десінті. Абылай хан баатырларына рұқсат берінті. Енді ұрыс-соғыс жоқ. «Егер несі қос табар» деген, амандарыңда ел табыңдар деп. Өзі Ташкентке келіп, Мырзахметтің қызын алып, үш ай жатып қалыпты. Үш айдан соң Арқаға қарай бет алып шығып, Арыс бойына келген жерде баатыр Шымкент, Сайрамға не бол деп қолынан қойып кеткен Әбдірахманы Тұрбат, Сұлтан Рабат, Қарабұлақ маңында жылап табан, жалын аяқ сарттарды жинап алып, қосын қылып Арыстан өткізбеймін деп алпан тосын тұр екен.

Арыстың бойында, бір төбенің басында қосшы-қолшышы,
төленгіттермен келген Абылай қалшыны тұраы да қалды. Сон-
да қасындағы қариясы Бұқарекен айтқан екен:

*Бірі етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған,
Орта жүзден кісің жоқ,
Найзасының ұшы алтын
Кіші жүзден кісің жоқ,
Биді бұған қарап тұрғаннан
Басқа қылар ісің жоқ!* –

депті. Хан сонда бағырларын тарқатып жібергеніне пұшайман
болып, бармағын шайнап тастапты, құса болып жарылып
кетіпті. Сол жерде бір қорғанға түсіріп, сол күннен бүгінге
шейін «Хан қорғаны» аталып қалды деседі.

Абылай ажал жастығына басын қойғанда, Бұқарекен
айтқан екен:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Қайыарусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалам ма екен жанғаң-ай!* –

дегенде, Абылай хан:

– Токта, токта, бұлай десең, мен діннен шығамын, сен
жалғаншы боласын. Жиырма жасымда таққа міндім, қырық
сегіз жыл қазаққа хан болып тұрдым. Неше жыл өмір сүріп,
жас жасағанымнан не пайда, қазақтың арқасын тамға, нанға
сүйегенім жоқ, бір. Ақбоз аттың құшып ер құшына теңегенім
жоқ, екі. Мылтығының оғын құралайдып көзінен өткізетұғын
мергеннің құшын екі ердің құны дегізгенім жоқ, үш. Мен
етікшінің құшын қатын құшымен бір бәс қылып, жарты күн
дегізіп кесім кестіргенім жоқ, мұнымен үш. Осы үш арман бой-
ымда кетті – деген екен.

Ұлы жұма күні қайтыс болып, сүйегін теңге салып, Хазіреті Сұлтанға азып келіп, ақ кумбоздің ішіне, бір бөлмесіне қойып, тасын үстіне орнатты.

Абылай ханның өлгенін естігенде, жалаң-аяқ әздер үш күн, үш түн жылаған екен. «Тықсыр, мұнша неге жылайсыз?» – дегенде: «Есіл Абылай баяғыдан бері жүріп-жүріп Сарыарқаға өлмей, сарттың қорғанында өлді. Енді хандық сартты қалды, қазақтың бақ кетті, күт қашты» – деген екен.

Абылай ханның өлімі Арқаға естілді. Ордаға қатып-қалып, бала-шағаға есіртпеді. «Өлгеніне қуанып, сүйінші сұраған кісідей болармыз. Өліктің қырқы деген бір мал сойылатын маңғой. Сол қырқында есірт» деп, қырқын бергізейік деп, бір қазақ ішіен. . . сұлтан деген кісілер, міне, бүтін табан қырық күн болды естігенімізге деп, ордасына есіртіп, қырқын бергізген екен. Артынан қолдарынан көмген, жанында бірге жүрген жолдастары келген соң, білеті, бұлар мұнда өлгеніне қырық күн болды деп, қырқын бергізген күні өлген екен. Сарыарқаға өлместен қырық күн бұрын естілген екен. Бүгін естуімізше, Абылай тарихы осы.

ТАНДАМАЛАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДЫҚ ЗЕРТЕЛЕУ ОРТАНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДЫҚ ЗЕРТЕЛЕУ ОРТАНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДЫҚ ЗЕРТЕЛЕУ ОРТАНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Өлеңдер.....	4
Тілек.....	42
Бұхар жырындаң Болжымдары.....	45
Бұхар Жырау.....	48
Бұхар Жырау (Бұхар жайындағы мағлұматтар).....	51
Бұхар сөздері.....	56
Бұхар жырау жайлы аңыз-әңгімелер.....	56
XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи әңгімелер.....	57
Абылай хан.....	58
Абылай хан заманында.....	60
Абылай ханның түсі.....	60

БҰХАР ЖЫРАУ

ТАНДАМАЛЫ

18.01.2011 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 69х84/16.

Оффсеттік басылды. Қарп түрі KZ Times.

Шартты баспа табағы 18,6. Есептік баспа табағы 12,9.

Тиражымы 500 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.

Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2. Тел.: 8 (7182) 61-82-12, 61-80-81



Бұхар ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
(1684-1781) – жырау.

«Ай, Абылай, сен он бір
жасыңда».

«Атам болған жиырма бес».

«Алла деген ар болмас».

«Қазақтың ханы Абылай».

«Ай, Абылай, Абылай».

«Қара арғымақ арыса»

және тағы басқа жырлар
мен толғаулар шығарған.

